адам болғанымен қатар, жазушы болған. „Ұшқан
кітабында жазушы көрген тәрбиесі мен өзінің
жанұясы жайлы баяндайды. Бұл кітап қазақ хал-
на үлкен үлгі-өнеге болатынына мен сенемін.

Бауыржан атамыз білімді адам болғанын педа-
гогтарды оқытқаны қарап-ақ байқаймыз. Мұғалімдер-
дің мұғалімі болған Бауыржанға ешкім қарсы сөй-
лей алмаған. Бауыржан Момышұлы жайлы айтқан
адамдардың сөздеріне қарасақ, тек қана сауатты, білім-
ді адам болғаны жайлы естиміз. Өзінің батыр-
лық қасиеті мен ақындық, шешендік қасиетін қа-
тар алып жүрген адам әрқашан да сыйлы және
үлгілі адам болады.

Қорытындылай келе, ұлтжандылықтан жаралған ұлы
тұлға - Бауыржан Момышұлы. Ол кісінің ерлігі мен
рухы, шешендігі мен ұлтжандылығы жайлы қанша
жазсаңда бітпейсің. Сондықтан мен осы жерден қо-
рытынды шешімге келдім. Әр қазақ осындай ата-
басының болғанына мақтануы керек. Бауыржан Мо-
мышұлының азаматтық бейнесі қазақ халқына өшпес
ұра!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором ҚТ-9-06

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Эссе

Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық

Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық. Шешен қазақтың осы бір сөзінде терең мағына жатыр. Барлық қазаққа мәлім Бауыржан Момышұлының азаматтың тұлғасы осы сөздің тірегі болады.

Бауыржан Момышұлы өз ісін шебер түрде орындаған, халқы үшін жанын, қанын, күшін аямай берген қаһарман ретінде біздің есімізде мәңгі сақталады. Ұлтжандылық – ұлтына, еліне деген махаббаты. Ұлы Отан соғысына қатысқан Бауыржан атамыз біздің басқа да қаһарман қолбасшылармен бірге шыр-пыр болып, атамекен қазақ даласының жерін жаулардың қолына оңайлықпен бермеді. Бауыржан атамыздың ұлтына деген сүйіспеншілігі жоғары дәрежеде болғаны сонша, ол кісі соғысқа да шықты. Соғысқа бару – өмір мен өлімнің арасында болу. Осындай ерлікке бойында бар қасиет, яғни ұлтжанды болғаны үшін барды. Басын тәуекелге тігіп, соғысқа шығу кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Ол елін сүйді, елі де оны ұлы етті.

Шіркін, қазақ халқы өте намысшыл, патриот халық қой. Бауыржан Момышұлы сияқты ата-бабаларымыздың болғанына әрбір қазақ мақтануы қажет деп ойлаймын. Ұлтжандылық сөзін Бауыржан атамыздың «Ұшқан ұя» кітабына қарап сипаттауға болады. Бауыржан Момышұлы әскери


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

және тағы да басқа шешендеріміздің мұрасын қастерлеу жүрген жерімізде айтып оларды мақтан тұтып көкке көтерерік қандай ғажабет десеңіздерші. Мен өз жеке басым ауыз-әдебиетіндегі, қазақ, тарихындағы осындай құрметті ораторларымызды қастер тұтып оларды мақтан етемін мына менің 62 тақырыпта жан бітіріп тұрар осы кісілердің мұралары! Мен де бастауышта қазағымыздың тіл байлығын, лингвистикасын көтермелеуге бар күшімді салып, ат салысуға тырысамын. "Шешендердің сөздері тамып тұрған балдай" дегенді ескеріп кешегі және қазіргі ұрпаққа қандай терең мағынасы бар екенін әрқашанда түсіндіріп айтып жүремін. Әдебиетімізді, шешендерімізді ұмытпайық, халқым!

Қазыбек бидің қандай өнері, шешен, алғыр бала екенін білетін Тәуке оны қуана-қуана жібереді, сонда Қазыбек би Цеван Рабданның алдына барып қалмақ топтың ішінен атып шығып тізерлеп отыра қалады. Сонда ол қаз дауысты саңқылдаған дауысымен біз-қазақ деген ел мал жатқан елміз, дауымызды сатпаған елміз, жерімізді шетін жау баспасын деп найзамызға аттың қылын таққан елміз, сен қабылан болсаң біз арыстанбыз шабысқалы келген елміз және тағы да басқа айтқан сөздерін санасақ, ол шешен, көркем тілімен осылай сөзбен Цеван Рабданды жиырмада жеңеді. Осындай өнеріне, қазақтың тіл байлығына тәнті болған Цеван Рабдан Қазыбекке - Сен өзің дауысы саңқылдаған қаз сияқты екенсің мен саған ризамын бүгіннен бастап сен Қаз дауысты Қазыбек бисің деп оған ат қояды. Сонымен Қаз дауысты Қазыбек би қазақ халқының қандай өнерлі, осал емес, ер жүрек екендігін дәлелдеп туған жеріне дарынды ұясатады сонымен қатар қудалауға түскен ерлерін, күңдікке түскен қыздарын, тартып алынған мал-мүліктерін қайтарып алды міне осылайша ол еліне, жеріне абырой мен олжа мен оралады. Ал енді тоқсан ауыз сөздің түйініне келер болсақ, біз қазақ халқы ешкімге мойын сынбаған елміз біздің жастарымыздың өзі бәрін ақыл мен сөз бен шешуге үйренген жастар бұл қабілет біздің ата-бабаларымыздан дарыған қажет осы қасиетті сақтап қалу міне біздердің мойнымызда, Шешен билеріміз Төле би, Әйтеке, Қазыбек, Досбол, Мөңке, Майқы, Ұлбике, Шоңқытай, Айз, Жет секілді


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

XVII–XVIII бұл кезеңдерде Ұлбике, Абай, Шоңқұтты замана болды.
XVIII–XIX ол бұл кезеңдерде Әйтеке, Сырым датқа сынды секілді қазағымыздың мақтанышы, алтын бесік елімізді азат етуге күш салып, хандардың жамандығын беттеріне басып жасқанбаған мақтан етіп отырды.
Шешендік өнер жалпы бесікпен қатар айтылып, толғанып отырды. Неліктен? деген сұрақ туындайды оның себебі Әлі қазіргі заманымыздағыдай сол кездерде яки ғасырларда әділетсіздік, жемқорлық асып түспесе кем түспейді. Ал шешен, билеріміздің мақсаты ақтың алдын айтып, қазақ халқының мұң-жоқтаушысы болу. Мұндай асыл тұлғалардың жаннан биік қойып жүлдедей көру ол біздің міндетіміз ауыз-әдебиетінің негізін қалап, оған жан-бітіруші тұлға, арыстарымызды сыйламау ол үлкен ұят! Шешен билеріміз дау-дамайды шешу барысында көптеген мән-мағынасы, керемет айтылған сөздерді сараптап жыр оқылы, мақал-мәтел, қанатты сөздерді ойлап тауып жаудың аузын апандай ашқызып тәнті ететін. Бұндай керемет туынды, нұра, асыл адамдардың бірін айтсақ, бірін айтпаймыз себебі қазақ халқының бұндай майталмаңы сүріні асып, шексіз кетуде оны айтып жеткізуге сөз де, ойға тоң қаламымыз, қиял ұшқыны да жетпейді.
Сіздерге ел мен жер дауы туралы Қазыбек бидің шешендік өнерін алдыларыңызға паш етсем деймін. Қазыбек би бірде Тәуке ханнан сұранып оның қолбасшысымен бірге Цеван Рабданға аттануға рұқсат сұрайды.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

"Шешендік толғау және ондағы
айшықтау мен құбылту түрлері"

Сан ғасырлар бойы дау-дамайлардың шешімін бір-ақ ауыз сөз бен шешкен, шешендерімiз бен олардың шешендік өнерлері XIV-XV ғасырларда бес кезеңнен бастау алды. Қазақ халқы сөзге бай, шешен болып келді. Біздің бұл өнерімізді шет-елдердің ғалымдары зерттеп, кітап бастамаларында жаңғыртқан. Шешендік толғау өз ішіне қарай үш түрге бөлінеді: шешендік толғау, шешендік дау, шешендік жырау. Шешендік толғау дау-дамай, жесір дауы, ер дауы, жер дауы және тағы да басқа дауларды біздің ұлы тұлғаларымыз Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би секілді шешендерімiз толғап, жырлап екінің біріне бері ле бермейтін өнерлері арқылы әп-сәтте шешіп тастап отырды, ол кездерде Ұлы замандарда олардың сөздері де заң болды шешен билерден тіпті хан, сұлтандардың өздері де үрейленетін жүретін шешендердің сөздері қылыштан өткір, қылдан жұмсақ болатын.

Мен сөзімнің басында айта кеткендей шешендік кезең 5 кезеңнен тұрады соны айшықтап айта кетсем.

1. XIV-XV-ғасырларда Жиренше шешен, Жәнібек, Асан би кезеңдерінен бастау алады. Жиренше шешен күллі түркі әлемінің бетке ұстар, мақтан тұтар шешен екенін біле жүрсек!

2. Екінші кезең XV-XVI ғасырлар бұл кездерде Майқы би, Әнет баба және тағы да басқалары.

3. XVI-XVII ғасырлар аралығында бұл кезеңдерде Қазыбек би, Бекболат, Әйтеке, Мәңке аралық тары.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

деген үзінді де Нысанбай жырау „сауысқанның аласы" деп „сатқындарды" көрсеткен. Яғни бұл сатқындықтың символы. Оны „Рүстем мен Сыпатай, нағыз дулат баласы, үндес болды қырғызбен..." - деген өлең жолдары арқылы дәлелдеймін. Себебі осы халықтың арасындағы алалардың кесірінен, 12 мың әскер Наурызбай мен Кенесарыға көмекке бармады. Ал біздің батырлар қырғыз манаптарының қолынан қаза тапты. Бұл жерде де Нысанбай жырау өзінің ойын символ арқылы көркемдеп жеткізді. „Сөз жүйесін табады, мал иесін табады" деген сөзде бекер айтылмаған жоқ. Ақынның сөзді шебер таңдап, оқырмандарына көркемдеп жеткізу маңызды екенін осы мақал арқылы көрсеткім келген. Демек, Нысанбай жырауда өзінің сөздерін көркемдейтін құралдар арқылы жеткізе білген ұлы тұлға деймін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіндей келе, „Кенесары-Наурызбай" жыры арқылы Нысанбай жырау бірлікті насихаттап, сатқындықтың дұрыс еместігін көрсете алды деп ойлаймын. Асыл мен жасықтың, саф алтын мен сары жездің айырмасын ажырата білген саналы ұрпақ жырға да тиісті бағасын беріп, өздеріне үлгі етеді деген сенімдемін. Ал біз осындай елінің бағы үшін туылып, келешек ұрпаққа көптеген мұра қалдырып кеткен есіл тұлғалардың бірі - Нысанбай Жаманқұлұлына алғыс айтамыз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Кенесары - Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшеліктері.

„Кенесары-Наурызбай" жыры - қазақ әдебиетіндегі тарихи жырлардың бірі. Бұл жырды жырлаған Нысанбай Жаманқұлұлы екені бәрімізге мәлім. Ал біз жыраудың айтқысы келген ойын түсіне алдық па? Және шығарманың көркемдік қуатын арттыратын қандай көркемдегіш құралдар бар екенін көре алдық па, менің оқырманым? Ендеше, бұл сұрақтардың жауабын бірге қарастырайық. „Кенесары-Наурызбай" жырында Нысанбай жырау бірлік пен сатқындықты көркемдегіш құралдарды қолдану арқылы насихаттаған, шоқтығы биік туынды деп есептеймін.

„Кенесары-Наурызбай" жыры сол заманның жыраулық дәстүрі бойынша 1837-1847 жылдарда болған ұлт-азаттық көтерілісіне Нысанбай жырау басынан аяғына дейін қатысып, нақтылы түрде баяндаған деп саналады. Ал бізге берілген бөлігіндегі жырдың сюжеттік желісі бойынша, қырғыз манаптары Наурызбай батырдың жылқысын ұрлап кеткендіктен, екі ел арасы бұзылады. Және бұл Наурызбайдың шамына тиеді. Осы жерін „Наурызбай кірді қамалға, Жанған оттай бұрқылдап..." деген үзіндіден байқаймыз. Бұл жерде Нысанбай жырау „жанған оттай" деген теңеуді қолдану арқылы Наурызбай батырдың қандай қайсарлықпен қырғыз еліне аттанғанын ерекше етіп шаттайды. Және де „Ақыл, айла өнермен, Кенесары Наурызбай атадан асты дегенмен" деген үзінді де „атадан асты" деу арқылы, Абылай ханнан асып, бұл күрестің нәтижесі жеңіс болғанын айқындайды. Қазақта „батыр туса - елдің бағы" дегендей, екі батырдың бірігіп, күш-жұмылдырғандарының арқасында жеңіске жеткенін насихаттайды. Сонымен де, бұл екі батыр сол заманда елдің бағы болса, қазіргі таңда бүгінгі ұрпақтың санасында өздерінің ерлік істері арқасында мәңгі өшпес оттай сақталып тұрмақ.

Алайда, Нысанбай жырау бірлік туралы ғана айтпады, оған қоса сатқындық туралы да айтты. Мен барлық жағдайда халық бір болып, ауызбіршіліктің арқасында жеңіске жете береді деп ойлаймын. Мысалы жырдағы: „Сауысқанның аласы, Адамнан көп қарасы!"-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Менің ойымша Бауыржан Момышұлының ерлігі ғана емес, оның ұлтшылдығы да біздің көзімізде ер ұлы қылып көрсетеді. Бауыржан атамызды қанша мақтап, оны көтермелесе де ол қарапайым халыққа жақын болып қалды. Менің түйген ойымша қашан және қайда болсаң да өз ұлтыңды Б. Момышұлы тәрізді ешқашан сатпай, басқа ұлт өкілдерінің мәдениетіне, тіліне еліктемеу қажет. Б. Момышұлындай санаулы тұлғаларымыздың атын одан сайын танытуға көмек беремін. Себебі: ұлтшылдық — үлкен ерлік.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық"

Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін үлкен соққы болған еді. Сол 1942 жылдарды көз алдыма елестетсем жүрегімде ауыр сезім пайда болады. Ата-аналар балаларынсыз, балалар әкелерінсіз, келіншектер жұбайларынсыз қалды. Сол бір уақытта көбісі өз қамын ойлағаны өтірік емес. Бүкіл халқын ойлап, ұлтжандылық танытқан адамдар саны санаулы. Сол санаулы адамдар қатарында есімі алтын әріптермен жазылуға лайықты – Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы – бірегей тұлға. Оның ерліктерін бір мәтін арқылы жеткізе салу мүмкін емес. Ол өзінің ұлтжандылығын таныту арқылы ұлы тұлғаға айналды. Нағыз мен үшін ұлтжандылық деген сөз өз ұлтының қамын ойлап, әрқашан ұмытпай, өзінің ұлтымен мақтанып, басқа ұлтқа еліктемеу. Байқап тұрсам бұл айтылып өткен жайттардың барлығы Б. Момышұлының тұлғасына сай болып табылады. Кез келген соғыс алаңындағы адамға бірден „Өзім тірі қалсам екен"-деген ой келетіні шындық, бірақ ол ой Бауыржан атамызға мүлдем сай бола алмайды деп ойлаймын. Менің білуімше оған бір дәлел Б. Момышұлының бізге деген, яғни қазақ халқына деп қалдырған ұлағатты сөздері. Тіпті Бауыржан Момышұлы атамыз тег те (алмаған) алмаған болатын, оның айтуынша қазақ халқында тег болмайды, тег дегеніміз басқа халықтың яки орыс саясатының бізге енгізген қатесі. Бұл сөздері Б. Момышұлының өз ұлтына деген беріктілігін айқын көрсетеді. Осындай беріктілікке Бауыржан атамыздың әкесі Момыштың да тәрбиесі үлкен үлес қосты ~~деп ойлаймын~~


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника

Б. Момышұлы тек жоқ адам деген атқа да алған. Әрине, бұл шыққан тегі емес, толық жаттағы тек жайлы айтылған. Яғни, сол кездегі «-ов, -ев, -ин» деген қосымшасын алмай, Момышұлы болып қаламын деген жан. Менің ойымша, әлі осындай ұлтжанды, өз ана тілін жан-тәнімен сүйетін адамдар көп болса еліміз мәңгі жасайды. Себебі, ата заңда айтылған асқары, кем көрілмейтін өзге тілдің басқара, қазақ тілі — ұлттың тілі, өз тіліңі, ол тәуелсіз мемлекеттің бастауы. Осы тілде өсті де, ұрпақ жетілді, осы тілде байға рухы бекінді, сондықтанда тілін сүйсе әр қазақ, өз анасын сүйгендігі секілді. Тіліміздің азаттығы үшін аянбай еңбек етіп, жанын пида етуге аянбаған жан-Бауыржан атамызбен мақтанамын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығаратын болсам, ұлтжандылықтан жаралған ұлы тұлға Б.Момышұлы атамыз тарихта аты мәңгіге таңбаланған аңыз адам. Осы атамыздай намысты қолдан бермейтін, жігерлі, парасатты, білімді тәуелсіз азаматтар көп болсын. Еліміздің жер бетінде елеулі орны бары сөзсіз. Осы еліміздің әлемдік өркениеттің басы болуы үшін жанын берер күші бік азаматтар туыла берсін. Мен өз халқымның тарихымен, батырларымен мақтанамын. Бауыржан Момышұлының азаматтық тұлғасы — ұлтжандылықтан жаралған ұлылық. Еліміздің егемендігі — осындай біртуар перзенттердің арқасы. Жеңісті де жемісті күндеріміз таусылмасын. Сонау баяғы заманнан бастау алған тарихымыз дәріптеле берсін. Қазақ елі мәңгі жасасын!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором КТ-9-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница

Ұлтжандылықпен жаралған ұлылық

Қазақ халқы еңсесі биік, өр тұлғалы, батыл халық. Қазақ халқының пайда болу, өмір сүру тарихы тереңге сыр шертеді. Қазақ халқының бүгіні, өткені мен болашағы – бір тарих. Осындай тарихы тереңде жатқан халқымыздың біртуар азаматтары да еліміздің дамуы саласында өшіп тұрып орын қалдырған. «Елім дейтін, жерім дейтін» ұлтжанды азаматтар әр кез болған, әлі де болмақ. «Отан үшін отқа түссең күймейсің, суға түссең батпайсың» деген ұранды ұстанған ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының батыры. Атамыздың қажырлы еңбегін барша халық бас иіп құрметтейді. Еліміздің тәуелсіздігі жолында, басын тік көтеріп, қасқайып еңбек етіп, өмірін ұлтына қызмет етуге арнаған ержүрек адам екенін барлығы сөзсіз мойындайды. Қазақстанның егемен мемлекет болуына үлес қосқан ұлтжанды жандарды еске түсіргенде Бауыржан Момышұлының азаматтық тұлғасы туралы айтпау мүмкін емес. Бауыржан Момышұлының есімін естігенде «Панфиловшыларда» бірден еске түседі. [illegible] түзде дегендей соғыс кезінде аянбай, өзіндік түрлі батыл көзқарасын білдіріп, соғыс уақытында қарсыластарды түрлі әдіс-тәсілдермен жеңіп, соғыста әр кез үстемдікте не не болғаны бізге мәлім. Мұқағали Мақатаев атамыз:

Жүк көреді, әкесіз де анасыз,
Өмір сүрер, әйелсіз де баласыз,
Ал Отансыз, жалғыз сорлы панасыз.
Екі өмір жоқ, жоқ әрине екі өлім,
Екі Отан жоқ, жалғыз Отан мекенің. – деп Отан жайлы бір шумақпен ой түйіндеп бергендей, Отан – оттан да ыстық.

Тұғырлы елде өмір сүретін әрбір азамат Б. Момышұлы атамыз секілді елінің елеулі, халқының қалаулы азаматы болғанын қалайтын. Тілі өлген жұрт – тірі өлген жұрт дегендей елдің сақталуының негізгі себептерінің бірі – тіл. Осы тіліміздің сақталуында елеулі орын алған адам ол – Б. Момышұлы.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором ҚТ-9-09

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық"

Бауыржан Момышұлы - батыр, кішкентай кезінен бері өжет, білімге құмар, ақылды, дара тұлға еді. Еліне тигізген көмегі де аз болған жоқ. Халқы да оны аса құрмет тұтатын. Бауыржан Момышұлы өзі патриот, ұлтжанды азамат. Оның бала кезінен қандай екенін мен „Ұшқан ұя" шығармасынан таныған едім. Бала кезінде оны тек әжесі мен әкесі өсірді. Себебі оның анасы дүниеден ерте озып кеткен еді. Оның тәрбиелігі сонша өзінің қайдан шыққанын, ата тегін, руын бәрін-бәрін білетін әкесі Момыш оны жақсы тәрбиелеп, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену керектігін де үйретті. Менің білуімше оны ұлылыққа жетелеген өзінің ұлтжандылығы.

„Ұлтжандылықтан жаралған ұлылық" - Менің ойымша бұл сөздерді өзінің ұлтына адал, патриот, ел үшін жанын салатын, өз ұлты үшін тау-тасты да қопаратын адам деп түсінемін. Осындай батырлық қасиеттерінен кейін әрине бұл адам ұлы болады. Ұлтжанды болу ол кез-келген адамның қолынан келе беретін қасиет емес. Менің жеке көзқарасым бойынша ұлтжандылықтың бейнесі ол біздің - Бауыржан Момышұлы атамыз.

Өз ортасында қандай адамдар сыйлы болады? Өз еліне жаны ашитын, жүрегі «елім, жерім » деп соғатын азаматтар. Ал „сырт көз сыншы" халық кез-келген адамның қасиетін танып, біліп ол адамды өз ортасында сыйлы етеді. Бауыржан Момышұлы - азаматтық тұлға ретінде өз бойынан жақсы атқарған, батыр әрі батыл адам. Осылайша ойында қорғандалай келе қазақтың әр жетіп келе жатқан әр баласы. Ол жеке тұлға. Әрбір қазақтың бойында Бауыржан Момышұлының қаны бар. Ол секілді батырлардың қаны бар. Сол үшін әр азамат өз бойынан ел, жері алдында өтейтін, мықты, ұлтжанды тұлға болсын!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором ҚТ-9-04

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

жастар елсіз қоймайды. Біразға біз бұл кісілерді 7-9 мамыр кезінде еске алып тұрамыз. Бұл кісілердің ерлігін ұмыту мүмкін емес. Өзімнің ойым бар қазіргі жастарға, ұл балаларға кезінде осы тұлғалар әскерге барып, отан алдындағы борышын өтеке, қазіргі ерлер отан алдындағы борыштарын өтеуге баруға қорқады, бұны қойып қазір сырға тағып, желдің қалпында жүреді сонда осы ұлы тұлғаларымыз осылай жүрулері үшін соғысты ма? деген сұрағым бір көкейімде жүреді.

Менің білуімше кезінде Әлихан Бөкейхан тұлғамыз айтқан "Тірі кезімде елге қызмет етпей қоймаймын" деген сөзін ұстанып, әрбір қазағын борышын өтеп, өзінің жұмысына тұрып, елге қызмет етуін қалаймын. Өзгеге ғана айтпай өзімде осы сөзді ұстануға тырысамын. Бар жастарға айтарым елімізде әділетті, таза, осы тұлғалар сияқты елімізді, халқымызды қорғап, қалдайық.

Ұлтжандылықпен жаралған ұлылық
(Б. Момышұлының азаматтық тұлғасы туралы)

Бауыржан Момышұлы Ұлтжандылықпен жаралған ұлы тұлға. Бауыржан ағамыз нағыз мақтануға тұратын тұлға. Нейктен десек туған елін жерін аман алып қалу үшін барын салып, отқада суға да түскен жандардың бірі. Бауыржан ағамыз тәуелсіздікке қол жеткізу үшін барын салып күрескен, "Ұлтжандылықпен жаралған ұлылық" деген сөзге мән беріп қарасақ Ұлты үшін бәрінеде баратын елі, жері үшін жаралған ұлы мақтан ететінін тұлғаны айтып тұр. Ұлы тұлға, қазақ жерінің мақтанышы ерлікті, қайсарлы, қоғам қайраткері екенін бәріміз білеміз. Осы Бауыржан Момышұлынар арқасында ашық аспанда, бейбіт елде, тәуелсіздігіміздің бар елде өмір сүріп жатырмыз. Бауыржан ағамызға ғана емес Әлия, Мәншүк, Хиуаз Доспановаға, барлық ұлы тұлғаларға елімізді сақтап қалу үшін тырысқан қоғам қайраткерлеріне алғысымыз шексіз. Осы "Отан үшін отқа түсуге аянба" деген мақал осы кісілерді еске салады, олар отқада, суғада, жылғада, суыққа да аянбай түскен жандар, олардың басты мақсаттары қазақ елінің тәуелсіздігін алу, өзінің халқының елі орыстарға құл немесе қол астыларында жүрмеу үшін, және де өз елінің басқаларға желініп қойып жатпау үшін намыстары оянып, өз бастарын қатерге тігіп, соңына дейін барған ержүрек тұлға. Бірақта қазір көп жастар бұл кісілердің ерлігін осынде өзінің елі үшім неге түсіп түспегендерін қазір көп



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Кенесары-Наурызбай" жырындағы көркемдегіш құралдардың қолдану ерекшеліктері.

„Кенесары - Наурызбай" жырында өте көп оқиға жатыр. Кенесары мен Наурызбай өте мықты, батыр болған. Өз елі үшін жанын қиған, өте батыр адамдар.

Менің ойымша бұл жырдың басты идеясы ел мен жердің тұтастығы, ауызбіршілігі, өнегелілігі. Себебі: Кенесары мен Наурызбай екеуі өз елі үшін батырлық жасаған, нақтырақ айтқанда өте батырлар. * ~~Екеуі~~ Кенесары мен Наурызбайдың жырлары көбінесе елдің тағдыры туралы. „Кенесары-Наурызбай" жырындағы көтерілген басты мәселе Ресей империясының қазақ жеріне келуі және жартысы жерді тартып алуы. Осы мәселе үшін Кенесары соғыс ашқан болатын. Бұрынғы ата-бабаларымыз еліміз үшін жанын қиған, қазіргі таңда бұндай жоқ. Өзіміздің Қазақстанымызда ~~а~~ қазақтардың жартысы өз тілін біліп тұрып, орысша сөйлейді. Ертең оларды қазақ елін қорғайтынына кім кепіл? Менің айтқым келгені „ел тағдыры - жер тағдыры" демекші, өз елімізді қастерлеп, туымызды желбіретіп жүруіміз керек. Ата-бабаларымыздың арманы тәуелсіздік болды, ал біздің арманымыз осы ата-бабаларымыздың арманын орындау, әрине, біз ел қорғамақсақта білім алуымыз керек. Жырға тоқтала келсек, Кенесарының іс-әрекеттері өте дұрыс. Өз елімізді қорғай алмасақ, не істеп жүрміз? Қорытындылай келе „Кенесары мен Наурызбай" жырында елдің тұрақтылығы, қазақ жерін Ресейге бермеу туралы айтылған.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ